

Ж.К. Тойшубекова^{1*}, А.Е. Қасенәлі², Н.А.Тасилова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

²«Астана» халықаралық университеті

Астана қ., 020000, Қазақстан Республикасы

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

*e-mail: zhulduz_agz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОРЕЙЛЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАР

Аңдатпа

Мақала барысында Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігінің қалыптасу үдерісіне бұқаралық ақпарат құралдарының әсері талданады. Негізгі теориялық ұстаным этникалық бірегейлік ұғымын талдау және Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігі мәселесі таңдалды. Мақалада этникалық бірегейлік кез-келген этностың сақталып қалуындағы маңызды фактор ретінде айқындалды. Этникалық бірегейлік – белгілі бір ұлттың ғасырлар бойында қалыптасқан тілі мен дәстүрінің, сонымен қатар әдет-ғұрыптары мен дүниетанымының негізгі көрсеткіштері болып табылады. Этникалық бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін сыртқы факторлар өте көп. Солардың бірі бұқаралық ақпарат құралдары. Мақала барысында бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс бағытына қарай этникалық журналистика ұғымының болатындығы ажыратылды. Демек этникалық журналистика нақты бір ұлттың тілінде жұмыс жасауға бейімделеді және сол ұлттың дүниетанымы мен тілінің, тарихы мен дәстүрінің ерекшеліктерін насихаттауға бағытталады. Қазақстандағы корейлердің ұлттық ерекшеліктерін насихаттау көп бағытта жүзеге асып отыр. Негізгі басымдылық мерзімді басылымдарға берілуде. Ел егемендігінің алғашқы жылдарынан бастап корей тілінде телебағдарламалар жарық көре бастады. Қазіргі таңда телебағдарламаларға қарағанда газеттер мен журналдарды белсенді шығару ісі қолға алынған. Мерзімді басылымдар заман талаптарына сай электронды нұсқада да жарияланады. Этникалық бірегейлікті қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану өз нәтижесін де беруде.

Негізгі сөздер: этнос, этникалық бірегейлік, коре сарам, бұқаралық ақпарат құралдары, дүниетаным, тіл, жаһандану.

Кіріспе

Қазақстанда ондаған ірі этникалық топтардың өкілдері өмір сүреді. Олардың әрқайсысына этникалық мәдениетін сақтап, туған тілі мен тарихы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дамытуына барлық жағдай жасалған. Ел егемендігінің алғашқы жылдарынан-ақ мемлекеттің ішкі саясаты әр этномәдени орталықтарының ашылып, қызмет жасауына бағытталды. Әр этникалық топ өзіндік ерекшеліктерін насихаттап, дамытуға мүмкіндік алды. Бұл жағдай өз кезегінде Қазақстан мемлекетінің ұлттық және азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын айқындады.

Қазақстан Республикасы аумағында әртүрлі этностар өздерінің мәдениеті мен дәстүрін сақтап, өмір сүруде. Мұндай ұлттардың бірі – корейлер болып табылады. Қазақстан аумағында корейлердің пайда болуы халықтар депортациясы деп аталған саяси науқанмен байланысты. Әрине оған дейін де патшалық Ресей тұсынан бастап аз мөлшерде қазақ жерінде корейлер өмір сүрген. Ал жаппай тек КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі мен Коммунистік партияның Орталық Атқару Комитеті шығарған 1937 жылғы 21 тамыздағы қаулысынан кейін көшірілді. Қиыр Шығыс жерінде өмір сүріп келген корейлердің қазақ жеріне қоныс аударуының саяси астары басым болды. Корейлер фашистік Германияның одақтасы саналған Жапонияның тыңшылары деп айыпталған болатын. Бұл саяси науқан КСРО аумағына «жапон тыңшыларын өткізбеу» деген мақсатта

жүргізілген болатын. Өйткені Қиыр Шығыста өмір сүретін корейлердің келбеті және түрі мен түсі жапондықтарға қатты ұқсас болуына байланысты да жер аударылды. Сенімсіз халық деген айдар тағылды. Біз жоғарыда атап өткен қаулыда Қиыр Шығыстағы барлық шекаралық аймақтағы корейлер көшірілді. Осы жылдары корейлер Қиыр Шығыстың Хорольск, Ханкай, Молотовск, Гродевск, Черниговск, Спасский, Сайфунск, Хабаровск, Благовещенский және тағы да басқа аудандарда өмір сүріп жатқан болатын. Тек тамыз және қыркүйек айларында 2, 500 корей ұлтының өкілі тұтқындалып, түрмелерге жабылды. этникалық бірегейлікті қалыптастыру қызметін атқарып келген «Сэнбон» газетінің қызметі 12 қыркүйек күні тоқтатылды. Қазақ және Өзбек КСР-і басшылығына депортацияланған корейлерді қабылдау, орналастыру бойынша тапсырма жүктелді. 1937 жылдың 18 қазанында Сахалинде өмір сүріп жатқан 1,196 корей ұлтының өкілі күштеп қоныс аударылды. 25 қазанда Қазақстанға жалпы жиыны 20,170 отбасы депортацияланды немесе 95, 256 корей ұлтының өкілі күштеп қоныс аударылды [1]. Осы оқиғалардан кейінгі корейлердің өмір сүру тәртібі мен тыныс-тіршілігі қазақ жері, Қазақстан Республикасымен тығыз байланысты дамуда. Корейлер бүгінгі Қызылорда облысы және Жетісу облысының Үштөбе қаласы маңына жаппай көшірілді. Корейлердің күнделікті тұрмыс-тіршілігі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты еді. Бүгінде корейлер ауыл шаруашылығымен қатар, заманауи мамандықтарды игеріп, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына өзіндік үлестерін қосуда. Қазақстандық корейлер өз ұлтының ерекшеліктерін қаншалықты сақтап, этностық белгілерінің насихатталуына қаншалықты назар аударуда деген заңды сұрақ туындайды. Сол себепті де аталған тақырыпты жан-жақты қарастырып, нақты тұжырым жасаудың қажеттілігі сезіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігінің қалыптасуы және оған бұқаралық ақпарат құралдарының әсері туралы отандық тарихнамада іргелі еңбектер жоқ. Тек қана Е.А. Ефремовтің «Этнокультурная идентичность корейцев Казахстана» атты ғылыми-зерттеу жұмысы және осы бағыттағы бірқатар зерттеу жұмыстары бар. Отандық зерттеуші Қазақстандағы корей халқының этникалық бірегейлігі мәселесін қарастырғанымен, оның қалыптасу бағыттарын назардан тыс қалдырады. Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігін анықтау мақсатында сауалнама қорытындыларын мысалға келтіруімен құнды. «Қандай белгілер бойынша өзіңді корей этносының өкіліне жатқызасыз?» деген сауалнама сұрағының жауап нұсқалары назар аударарлық. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 75% өздерінің генетикалық шығу тегі бойынша, ал 59% респондент сырт келбеті факторы бойынша өздерін корей этносының өкілі деп санайтындығын атап өткен. Респонденттер сонымен қатар тек корей этносына тән діл мәселесін де атап өткен. Осы жауаптарды басшылыққа ала отырып, зерттеуші Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігі мәселесі сан қырлы екендігін атап өтеді. Бір қызығы корей тілін білу белгісі ең аз көрсеткішке ие болған. Демек Қазақстандағы корейлердің басым көпшілігі корей тілін білмейді деп топшылауға болады. Сол себепті өздерінің шығу тегін, корей екендіктерін дәлелдейтін белгі ретінде тілдік факторды маңызды деп таппайды. Сонымен қатар корей екендіктерін дәлелдейтін белгілердің бірі ретінде дүниетаным мен діл мәселесін атап өтеді. Әрине респонденттер арасында корей ұлтының өкілі ретінде сипаттайтын белгілер қатарында корей халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, тарихы сияқты да құндылықтарды атап өтеді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің $\frac{3}{4}$ өзін корей ұлтының өкілі болғандығын мақтаныш тұтатындығын атап өтеді [2].

Сол себепті біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз барысында мәселеге жанама мәліметтер беретін еңбектерді қарастырып, қажетті мәліметтерді сараптауға тырыстық. Мұндай еңбектер қатарында А. Гурконың «СМИ как фактор формирования национальной и этнической идентичности белорусской молодежи в 2000-2010-х годах на Белорусско-

польско-литовском пограничье» атты зерттеу жұмысын атап өтеміз [3]. Аталған ғылыми-зерттеу жұмысында автордың жалпы ұлттық, этникалық бірегейлік және оның қалыптасуына әсер етуші факторлар туралы пікірі мен тұжырымдарын басшылыққа алдық. Сонымен қатар И. Н. Блохиннің «Толерантность как принцип журналистской деятельности» атты ғылыми-зерттеу жұмысын да атап өтеміз [4]. Әсіресе зерттеушінің этникалық бірегейлікті қалыптастырушы бұқаралық ақпарат құралдарының ерекшеліктері мен оларға қойылатын талаптарға қатысты пікірлері біздің қарастырып отырған тақырыптың теориялық негіздерін айқындауға әсері мол болды. Мұндай ғылыми-зерттеу жұмыстары қатарында И.В. Пашутинаның «СМИ в процессе формирования и сохранения идентичности национальных меньшинств России на примере газеты «Российские корейцы»» атты ғылыми-зерттеу жұмысы да бар [5]. Қазақстандағы корейлердің тарихы және олардың этникалық бірегейлігі мәселесі Г.Н. Кимнің «Хронология истории корейцев Казахстана» атты еңбегінде жан-жақты сарапталған [6].

Мақалада ғылымға белгілі бірқатар зерттеу әдістері қолданылды. Нәтижесінде біз алдымен этникалық бірегейлік мәселесінің теориялық негіздерін ашып, нақты Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлік мәселесі және оның қалыптасуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының ролін айқындай алдық. Корейлердің Қазақстан аумағына көшірілуінен бастап бүгінге дейінгі аралықтағы даму кезеңдерін салыстырмалы-талдау арқылы нақты тұжырымдар жасадық. Әрине мақала барысында табылған мәліметтерді салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, сараптау арқылы қажетті мәліметтердің маңыздылық деңгейін анықтадық. Басшылыққа алынған басты принциптердің бірі - объективтілік. Демек мәселенің жағымды және жағымсыз жақтары толыққанды талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазіргі таңда этникалық бірегейлік мәселесі ерекше өзекті мәселеге айналды. Ол әсіресе мәдениеттер арасында шекараның жойылып, әртүрлі этностардың дәстүрлері емес, ортақ адами құндылықтар маңызға ие болған кезеңде маңызды болып отыр. Әрине бір мемлекет аумағында өмір сүретін саны аз этникалық диаспоралар өз кезегінде мұндай үдерістен барынша сақтанып, өз ұлтының бірегейлігін қалыптастыруға күш салады. Өзіндік құндылықтар жүйесіне мән беріп, ғасырлар бойына қалыптасқан өмір сүру ерекшеліктеріне сай болуды мақсат етеді.

Этникалық бірегейлік – әлеуметтік маңызды категория болып табылады. Бұл дегеніміз жекелеген адамның нақты бір этносқа сәйкестігін анықтайтын белгілерге сай болып, сол этностың өкілі ретінде сезінуін айтамыз. Этникалық бірегейліктің маңызды белгілері мен көрсеткіштері қатарында біз тіл, шығу тегі, тұрмыс салты, тарихы мен салт-дәстүрі, құндылықтар жүйесі мен тарихи жады, діні мен ділі, отаншылдық сезімі мен сырт келбетін атап өтуге болады. Ол ерекшелік тарихи даму кезеңдерімен қатар, географиялық ортаның да әсерінен қалыптасады. Әрине әр адам өзін нақты қай этносқа жатқызатындығын өзі біледі. Осы ретте ең маңызды факторлардың бірі – қоршаған орта болып табылады. Жекелеген адам өзін нақты бір этнос өкілі ретінде таңдау үдерісі оның балалық шағында жасалады. Қоршаған орта факторы аса маңызды. Белгілі бір ұлт адамын өзге этнос өкілдері қоршаса немесе өзге этностың тілінде мәлімет алмасуы да ұлттық әрі этникалық бірегейлікке әсер ететін фактор болып табылады. Мұндай факторлар қатарына біз бұқаралық ақпарат құралдарын да жатқызамыз.

Зерттеуші В. Гурко өзінің «СМИ как фактор формирования национальной и этнической идентичности белорусской молодежи в 2000-2010-х годах на Белорусско-польско-литовском пограничье» атты ғылыми-зерттеу жұмысында сауалнама жүргізіп, шекаралы аймақтағы жастардың 91% өздерін белорус ұлтына жатқызса, 5,5% өздерін поляк, ал 3% орыс ұлтының өкілі деп жауап берген. Респонденттердің ата-анасынан алынған сауалнама қорытындысында 70% ата-ана өздерін белорус, 7% поляк, тек 1,6% ғана орыс ұлтының өкілі екендігі анықталған [3. – 42]. Демек шекаралы аймақта белорусық

фактордың әсері жоғары екендігін байқауға болады. Қоршаған ортаның әсерінен көптеген өзге ұлттар және зерттеуші арнайы қарастырған поляк ұлтының өзі де саналы түрде өздерін белорус және орыс этносына жатқызады. Зерттеушінің бұл жүргізген сауалнамасы ұлттық және этникалық бірегейліктің қалыптасуында қоршаған орта және бұқаралық ақпарат құралдарының қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Демек біз ұлттық және этникалық бірегейліктің қалыптасуы, оның белгілерінің насихатталуы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады деп айта аламыз. Мұндай насихат жұмыстарының ерекшеліктеріне сай ғылымда этникалық журналистика деген ұғымның пайда болуына түрткі болды. Зерттеуші И.Н. Блохин өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында этникалық журналистика термин ретінде әртүрлі мағынада түсіндіреді. Алдымен этникалық журналистика деп біз ұлттар арасындағы қарым-қатынастар туралы жазуға бағытталған сала десек, екіншіден сан жағынан азшылықты құрайтын ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін өздерінің туған тілінде насихаттауы ретінде түсіндіруге болады. Терминнің екінші түсіндірмесі нақты бір ұлтты біріктіру мақсатында жүргізіледі. Ұлттық мәдениетті дәріптеп, оны сақтаудың жолдарын анықтайды. Демек этникалық журналистика белгілі ұлттың өзіндік тұрмысы негізінде этносты топтастыру болып табылады. Көп жағдайда журналистиканың бұл саласы нақты бір ұлтқа тиесілі тілде жұмыс жасайды [4. – 116].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аумағында 100 мыңның шамасында корей этносының өкілдері тұрады. Өздерін «корё сарам» деп атау қалыптасқан. Пост кеңестік кеңістікте Қазақстанмен қатар, корейлер Ресей Федерациясы және Өзбекстан Республикасында да тұрады. Бір атап өтетін жайт, аталған осы екі елде корейлер ең көп деп саналады. Қазақстан аумағында өмір сүретін корей ұлты өзінің заманауилығымен қатар, дәстүрі мен тіліне, тарихына да берік халық ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан ақ өздерінің этникалық бірегейлігінің сақталуына жеткілікті мән берді. Ұлттық әрі этникалық бірегейлікті қалыптастырушы маңызды факторлардың бірі бұқаралық ақпарат құралдары екендігін атап өттік. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстандағы корей ұлты да өзінің тарихы мен тілін насихаттап, корей жастарының өз дүниетанымы мен діліне берік болуына жеткілікті көңіл аударады. Е.А. Ефремовтің «Этнокультурная идентичность корейцев Казахстана» деп аталатын зерттеу жұмысында 15 және 35 жас аралығындағы Қазақстанда тұратын 160 корей ұлты арасында сауалнама жүргізеді. Сауалнамаға таза корейлер отбасының өкілдері мен аралас некеден туған корейлер де қатысады. Респонденттердің 78% өзін корей этносының өкілі деп санаса, 13% өздерін қазақстандықтар деп көрсеткен. 7% корейлер өздерін қазақпыз деп атаған. Зерттеушінің пікірінше бұл аралас некеден туған корейлер болуы мүмкін [2. – 36-37]. Сонымен қатар зерттеуші сауалнамаған қатысқан респонденттер арасында өзін қазақстандықпын деп санайтын 13% корейлер де аралас некеден туғандығын атап өтеді.

Корейлердің этникалық бірегейлігін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екендігін ескергендіктен, 1991 жылдың 4 ақпанында алғашқы корей телебағдарламасы шықты. «Корё сарам» деп аталған телебағдарламаның директоры Элла Цой болды. Э.А. Цой отандық журналистика саласында өзіндік орны қалыптасқан маман. Өз кезегінде Э.А. Цой осыған дейін «Тамаша» ойын сауық бағдарламасы, «Азия дауысы» халықаралық байқауы, «Аралды құтқарыңдар» сияқты елге танымал болған бағдарламаларға қатысып, оның қалыптасуына үлкен үлесін қосқан болатын. Жекелеген пікірлерге назар аударсақ, «Корё сарам» телебағдарламасының ашылуы 1990 жылы жүзеге асты деп санайды. Ол түсінікті. Өйткені 1990 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік радио комитетінің төрағасы С.Ә. Әшімбаев Оңтүстік Кореяға қызметтік сапарда болады. С.Ә. Әшімбаевтың ұсынысымен Оңтүстік Кореямен бірлескен телебағдарлама құру ісі басталады. Оңтүстік Корея елі өз тарапынан түсірілім мен монтаж және трансляция үшін қажетті заманауи қондырғылар беретін болып келіседі. Алғашқы жылдары телебағдарлама Қазақстанда тұратын корейлердің өмірі мен тұрмысы туралы ақпарат тарататын қарапайым

бағдарлама болды. Айына тек 1 рет қана эфирге шығып тұрды. Эфир уақыты жарты сағатты құрады. Әрине алғашқы қадам сәтті болды. Телебағдарлама тек Қазақстандағы корейлер ғана емес, сонымен қатар еліміздің аумағында тұратын өзге де ұлттардың қызығушылығын тудырды. Сол себепті болар, эфир шығу мерзімі ұзартылып, айына екі рет шығатын болды. Эфир уақыты бұрынғыдай жарты сағатты құрады. Тіпті уақыт өте келе телебағдарлама аптасына бір рет шығатындай дәрежеге де жетті. Бұл ретте телебағдарламаға жас мамандар келіп, тың идеяларын жүзеге асыруын да атап өткен жөн. Алғашқы жылдары тек он адамдық штаттық қызметкері бар телебағдарлама жылдар өте жаңа мамандармен толығып отырды.

Корей ұлтының этникалық бірегейлік мәселесі осы «Корё сарам» телебағдарламасымен тығыз байланысты болды. Өйткені алғашқы он жыл бойына тек орыс тілінде хабар тарататын телебағдарлама корей халқының тыныс-тіршілігіне арналды. Қазақстанда тұратын корейлердің мәдени өмірі, сонымен қатар Оңтүстік Кореяның саяси, экономикалық ахуалы сияқты маңызды тақырыптар бойынша ақпараттар таратты. Түрлі киносюжеттер дайындалып, репортаждар, сұхбат, тарихи отанынан келген корейлік қонақтармен әңгіме сияқты бағдарламалар жұмыс жасады. Театрлық қойылымдар мен киноларды беру ісі де тәжірибеде болды. Бұл этникалық бірегейлік тұрғысынан алғанда өте ұтымды шешім деп санаймыз. Өйткені қазіргі таңда тарихи сананы қалыптастыратын маңызды құралдар қатарында мультимедиялық тәсіл екендігі жиі айтылады. Рас кез-келген тарихи дерек негізінде түсірілген көркем фильм, деректі фильмдер көрермендерге ғылыми кітаптан қарағанда барынша түсінікті болады. Корей тіліндегі сахналық қойылымдар мен кинолар этникалық бірегейлікті қалыптастырушы маңызды құралға айнала алды. 2002 жылы сол уақыттағы қоғамдық келісім және ақпарат Министрі «Коре сарам» телебағдарламасын «Ури мендег» деп өзгертті. 2008 жылдың қыркүйегінде Э.А. Цойдың ұсынысы бойынша «Менің Қазақстаным» деп аталатын тележоба дайындалды. Уақыт өте келе «Менің Қазақстаным» тележобасы отандық бұқаралық ақпарат құралдары арасында тарихи-мәдени ақпарат тарататын маңызды жобаға айналды. Э.А. Цой тележобаны өмірінің соңына дейін, яғни 2020 жылдың 14 шілдесіне дейін басқарды. Сөзсіз «Коре сарам» немесе «Ури мендег» атты телебағдарлама Қазақстандағы корей ұлтының ұлттық бірегейлігі мәселесінің қалыптасып, нығаюына зор үлесін қосты.

Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігінің қалыптасуы мен дамуы мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы ерекше. Бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір ұлттың тілін ұмытпай, дәстүріне берік және тарихын жақсы білетін азаматтардың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мысалы корейлер өздерінің тілі мен дәстүріне беріктігін сақтап қалу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын жандандыруға ерекше қызығушылық танытып отырған. Депортацияға дейін Қиыр Шығыста өмір сүрген кезеңдерінің өзінде 1923 жылы «Коре ильбо» атты мерзімді басылымның жұмысын бастаған. Алғашқы жылдары «Сенбон» деп аталған газет депортация жылдарында шығуын тоқтатады. Тек 1938 жылы ғана 15 мамыр айында Қызылорда қаласында қайта өз жұмысын бастады. Ол кезде коммунисттік идеология мен большевиктік тәртіптің әсерінен газеттің атауы «Ленин кичи» деп өзгертілген болатын. Қызылорда облыстық газеті болған мерзімді басылым 1954 жылдан бастап республикалық газет мәртебесіне ие болды. 1978 жылдан бастап газет Алматы қаласынан шығып тұрады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап газет өз атауын өзгертіп, «Коре ильбо» деп атала бастады. Қазіргі таңда газет аптасына бір рет 1000 тиражбен шығып тұрады. Әрине ел егемендігінің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтар, нарықтық қатынастарға өтудің ерекшеліктері «Коре ильбо» газетінің де тыныс-тіршілігіне теріс әсер етті. Атап өтетін жайттардың бірі, «Коре ильбо» газеті 1991 жылы қайта жасақталып құрылғанда республикалық емес, халықаралық мәртебесіне ие болды. Алайда кеңестік билік жылдарындағыдай емес, айына төрт рет шығатын газетке айналды. 1991 жылы қайта құрылған уақытта штаттағы

қызметкерлер саны не бары 12 адамды құрады. Газеттің 100-ден аса нөмірін осы штат қызметкерлері сәтті шығарды. Алайда ел егемендігінің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтар да газетті айналып өтпеді. Газет тиражы мүлдем азайып кетті. Салыстырмалы түрде алғанда кеңестік билік жылдарында 12-15 мың тиражбен газет таралып тұрса, экономикалық қиындықтарға байланысты оның тиражы не бары 400-ді ғана құрады [6]. Сөзсіз мұндай жағдай газеттің ақпарат тарату саласындағы беделіне үлкен нұқсан келтірді. Өз оқырмандарынан айырылып, штаттық қызметкерлердің жалақысын төлеу сияқты материалдық мәселелер тығырыққа тірелді. Нәтижесінде 1992 жылы «Коре ильбо» газеті өз жұмысын тоқтатады. Осы жылдың II жартысында газет қайта жарыққа шығып, ендігі кезекте тек корей тілінде емес, жартылай орыс тілінде шығатын болды. 1995 жылы «Коре ильбо» газетін Ян Вон Сик атты 1984 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қызметкер басшылыққа тағайындалды. Сөзсіз газеттің барлық жағдайынан хабардар және оның даму жолдарын дәл анықтай алған маман газеттің материалдық қиындықтарын реттей бастады. Газет ендігі кезекте 4,5 тиражбен шыға бастауына қол жеткізе алды. Алайда ол жылдар газетті жаздыру, аймақтарға жеткізу сияқты мәселелердің қиындығымен де ерекшеленгені белгілі. Міне сол себепті толыққанды материалдық қиындықтар еңсерілді деп айтқанымыз асығыстық болар. Әрине газет аймақтарға толыққанды жетпеуі өз кезегінде оның бағасының да өсіп кетуіне әсер етіп отырды. 1998 жылы газеттің таралым аймағы тіпті азайды. Мысалы газет өзінің кезекті сандарын пост кеңестік елдерге таратып отырған болса, дәл осы жылдан бастап тек Қазақстан аумағындағы газетке айналды. Сөзсіз газеттің материалдық қиындықтарын шешудің бір жолы оны жекешелендіру болды. 1 қаңтарда 2000 жылы «Коре ильбо» газеті Қазақстандағы корейлердің ассоциациясының меншігіне өтті. Тек Қазақстандағы корейлердің ассоциациясының демеушілігімен ғана газеттің жаңа тынысы ашылып, корей ұлтының дүниетанымы мен діліне қатысты мәселелерді насихаттау мүмкіндігі туындады. «Коре ильбо» газеті дамудың заманауи бағыттарына сай болуды үнемі назарда ұстайды. Мысалы қазіргі таңда газеттерді жаздыру және оқу сынды мәселелер өзекті болып отыр. Мерзімді басылымдарға деген қызығушылық тым төмендеп кетті. Мұндай даму ерекшеліктерін ескерген газет басшылығы 2015 жылдан бастап интернет кеңістікте де белсенді болуды қолға алуда. Газеттің интернет сайттары жұмыс жасап тұр. Әлеуметтік желідегі де белсенділігі жоғары деп айта аламыз. Инстаграмм, Фейсбук және Телеграмм сынды желілермен қатар, Ютуб арналары да бар. Мұның барлығы корей жастарымен қатар, еліміздің оқырмандары арасында корей мәдениеті мен тарихын, тілі мен дәстүрін насихаттау болып табылады.

Ендігі кезекте «Коре ильбо» газетінің тақырыптық бағыттарына мән беретін болсақ біз, корей халқының ұлттық, этникалық бірегейлігін қалыптастыруға ерекше мән беріп, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына да назар аударуын байқаймыз. Мысалы ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ газет корей халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыру бағытына жұмыстар атқарған. 1992 жылдың 25 қаңтарынан бастап «Коре ильбо» газетінде «Туған тіліміздегі әңгімелер» деген айдар жұмыс жасап келеді. Жүргізушісі - тарих ғылымдарының кандидаты Г.Н. Ким [7. – 60]. Кейіннен 2003 жылы Герман Кимнің бұл айдары жеке кітап болып та жарық көрді. Кітаптың мазмұнына мән беретін болсақ, корей тілінің пайда болуы, қолданысы, дыбыстары мен әріптері, корей тілінің лексика мен грамматикасы, фольклор, Сеул және Пхеньяндық корейлердің тілдері, ұқсастықтары мен ерекшеліктері сияқты маңызды мәселелердің шешімі берілген. «Корей тілі қалай пайда болды және қалай дамыды», «Ханча – жұмбаққа толы иероглифтер», «Корей тілінің дыбысталуы», «Тіл – идеологияның қаруы», «Біздің қысқа тегіміз», «Корейлік мақалдар – халық даналығының келбеті», «Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарындағы корей тілі» сияқты және тағы да басқа тақырыптар ашылған [7. – 300].

Жоғарыда атап өткеніміздей «Коре либо» газеті өзінің оқырмандары үшін заманауи ақпараттар бөлісу, интернет сайттар, инстаграмм, фейсбук және телеграмм сияқты

элеуметтік желілерді белсенді түрде қолданады. «Коре либо» газетінің интернет сайтына мән беретін болсақ, Қазақстандағы корей халқының этникалық бірегейлігін, ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мәселесіне үлкен назар аударылған. Мысалы «Корейлер» деп аталатын бөлімде корейлер туралы ақпарат, алдағы уақытта корей ұлтына қатысты болатын шаралар, корей ұлтының танымал тұлғалары, корей мәдениеті, корейлердің қоғамдық қозғалысы, корей халқының салт-дәстүрлері сияқты маңызды ақпараттарды табуға болады. Сонымен қатар «Жаңалықтар» деген бөлімде де Қазақстан және шетелдегі жаңалықтармен қатар, корей халқына қатысты жаңалықтардың сілтемесін табуға болады. «Корейлердің қоғамдық қозғалысы» атты бөлімде Қазақстан корейлерінің ассоциациясы туралы жан-жақты мәліметтер бар. Сөзсіз электронды форматтағы бұл интернет сайты Қазақстандағы корейлердің өз ұлтының ерекшеліктері мен бірегейлігі, оның тілі мен тарихы, ең бастысы бүгінгі корейлердің басын қосып, ортақ мақсатқа жұмылдырудағы маңызы өте жоғары болып отыр.

Қазіргі таңда тек Қазақстан ғана емес, посткеңестік кеңістіктегі корейлердің этникалық бірегейлігі мәселесіне ерекше мән берілуде. Бұл ретте посткеңестік кеңістікте өмір сүретін корейлердің ортақ платформасына айналған «Коре сарам. Корейлер туралы жазба» деп аталатын интернет сайттың жұмысын да атап өтуге болады. Аталған сайттың бір ерекшелігі посткеңестік кеңістіктегі корейлер үшін ортақ тақырыптарды беріп, оларды біріктіруге әлеуеті бар тақырыптардың берілуінде болып табылады. Сөзсіз бүгінгі корейлер өздерінің этникалық бірегейліктерін сақтап қалу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін барынша пайдаланады. Аталған «Коре сарам. Корейлер туралы жазба» деп аталатын интернет сайтының мәзіріне мән беретін болсақ, бірқатар артықшылықтарды байқаймыз. Бүгінгі жеткен жетістіктермен қатар корейлердің XIX және XX ғасыр шенінде жеткен жетістіктерін де тарихи деректермен дәлелдеген ғылыми мақалалардың берілуінде болып табылады. Мысалы «Тарих» деп аталатын айдарда В.С. Ханнның «Социальный статус и вклад корейцев в развитие Центральной Азии» деген мақаласын көруге болады. Аталған мақалада тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар Өзбекстан сияқты мемлекет құрамында өмір сүрген корейлердің ауыл шаруашылығы, бизнес және билік саласындағы табысты қызметтері ашылады. Кеңестер билігі жылдарында күріш өсіруден рекорд орнатқан Ким Ман Самнан бастап, бүгінгі посткеңестік кеңістіктегі корейлердің жеткен жетістіктері айқындалады. Сөзсіз тарихи деректер негізінде жазылған мақала корейлердің тарихи жадысын қалыптастырып, этникалық бірегейлігінің қалыптасуына түрткі боларлық [8]. Сонымен қатар аталған сайттың «Тарих» айдарында өзге де қызықты ғылыми және көпшілікке арналған мақалаларды да табуға болады. Кореяның ұлттық батыры Хон Бом До сынды тұлғалардың да өмірі ашылады. Бір назар аударатын жайт, аталған айдарда тек Қазақстан немесе Орта Азия, посткеңестік елдердегі корейлер ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік және Солтүстік Корея еліндегі корейлердің өмірі мен тарихына қатысты мәліметтер өте көп. «Коре сарам. Корейлер туралы жазба» интернет сайтында «Әдебиет», «Мәдениет», «Корейтану», «Патриоттар», «Саясат», «Тұлға» және тағы да басқа айдарлар бар. Барлығында да корей халқының этникалық ерекшеліктері мен бүгінгі заманауи ұлт келбетіне қатысты мәліметтер сақталған.

Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігін қалыптастыру, сақтау және дамыту ісінде ғылыми басылымдардың да алар орны ерекше. Мұндай ақпарат құралдарының қатарында «Известия корееведения в Центральной Азии» және «Известия корейского научно-технического общества «Кахак»» деп аталатын журналдар бар. Аталған журналдарда корей халқының тарихымен қатар, ғылыми-техникалық саладағы соңғы жаңалықтар жарияланады. Мысалы «Известия корееведения в Центральной Азии» журналының тарихы ел егемендігінің алғашқы жылдарынан бастау алады. Журнал Қазақстандағы корейлердің жалпы тарихын айқындауға бағытталған. Мысалы Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларына қоныс аударғанға дейінгі Қиыр Шығыстағы корейлер

тарихы, Қазақстан мен Өзбекстандағы корей тілін оқытудың тәжірибесі, корей халқының тарихта қалған тұлғалары, корейлердің салт-дәстүрі мен әдет ғұрыптары сияқты маңызды мәселелер ғылыми тұрғыдан талданады. Респрессияға ұшыраған корейлердің естеліктері, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы корейлердің майдан және тылдағы ерліктері сынды тарихи жадты қалыптастырушы тақырыптар да жиі жарияланады [9]. Мұндай ғылыми басылымдар қатарында Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің жанынан жұмыс жасайтын «Корейтану орталығы» шығарып тұратын «Қазақстандағы корейтану» журналын да атап өтуге болады. Аталмыш журнал корей тілінің заңдылықтарын ашуға бағытталған.

Кез-келген ұлттың дамуында мәдениет пен оның тарихы, тілі мен дәстүрінің алар орны ерекше. Бұл аталған қасиеттер өз кезегінде ұлттық идеяны қалыптастырушы факторлар болып табылады. Ұлттық идея бірегейлікті қалыптастырады. Қазіргі жаһандану дәуірінде этникалық бірегейлік мәселесі тіпті өзекті тақырып болып отыр. Оның өзектілігі алдымен ұлттық қауіпсіздік және ұлттың мәдени мұрасын сақтап қалумен өлшенеді. Өздерінің тарихи отанынан алыста өмір сүретін корейлер үшін бұл тақырып тіпті өзекті десек артық емес. Тілдік ортаның болмауы, дәстүрді насихаттап, ұстанушылар санының азаюы сияқты мәселелер этникалық бірегейлікті қалыптастыру міндетін күн тәртібіне шығарды. Осы ретте үлкен жауапкершілік бұқаралық ақпарат құралдарына артылып отыр. Біз жоғарыда атап өткен корей халқының этникалық бірегейлігін қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының орны жоғары екендігін мойындай отырып, бұл тақырып саяси қателіктерге жол беруге болмайтындығына да назар аударамыз. Белгілі бір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін насихаттау барысында мемлекеттік идеология мен өзге де ұлттардың қызығушылықтары мен мүддесі ескерілуі тиіс. Демек бұқаралық ақпарат құралдарын этникалық бірегейлікті қалыптастыруда пайдаланудың жағымды және жағымсыз да жақтары болуы мүмкін. Жағымды жақтары біз жоғарыда атап өткеніміздей ұлттың өзіндік ерекшеліктерін насихаттау, сонымен қатар алдағы мәдени шаралар туралы ақпарат, өзге де халықтардың тарихы мен дәстүрі, мәдениетіне деген толерантты қатынастарды қалыптастыру және тағы да басқалары. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы этникалық бірегейлікті қалыптастыру әрекеттерінің жағымсыз жақтары да бар. Олардың қатарында белгілі бір ұлттың артықшылықтарын дәріптеу арқылы ұлтаралық шиеленістердің туу мүмкіндігін атап өтуге болады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сай еліміздің барлық азаматы өзінің шығу тегі, ұлты мен дініне байланысты артықшылықтарға ие болмайды. Сол себепті де әр азамат өз ойын еркін айтып, ар-ождан бостандығына құқылы болып табылады. Өзінің дәстүрі мен діні, мәдениетін дамытуына да көңіл бөле алады. Дегенмен осы бағыттағы әрекеті өзге де ұлттардың мүддесіне қайшы жүрмегеніне ерекше назар аударуы тиіс. Бұл өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдарын этникалық бірегейлікті қалыптастырудағы роліне мұқият болуды талап етеді деп санаймыз.

Бұқаралық ақпарат құралдары этникалық бірегейлікті қалыптастырушы маңызды құрал. Осы ретте біз тек Қазақстан корейлер ассоциациясы немесе корей орталықтары жанынан шығатын бұқаралық ақпарат құралдарына жете мән бердік. Әмбебап бұқаралық ақпарат құралдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір ұлтқа қатысты жаңалықтарды үстірт жеткізумен шектеледі. Бір мемлекет аумағында тұратын өзге де халықтарға мән беріп, мемлекеттің ішкі топтасуына мән береді. Бұл мемлекеттік идеологияға тән құбылыс. Қазақстан аумағында тұратын корейлер тек елдегі ғана емес, шетелдегі корейлердің де өміріне ерекше қызығушылық танытады. Оған дәлел біз жоғарыда келтірген бұқаралық ақпарат құралдарының тақырыптық ауқымы болып табылады. Мысалы Оңтүстік Кореядағы корейлердің білім беру мен жұмыспен қамту мәселелері, мәдениеті мен халықтың тұрмыс салты және саясат пен экономика істеріне қатысты ақпараттар ерекше белсенділікпен оқылады. Тіпті біз жоғарыда

қарастырып өткен мерзімді басылым беттерінен еліміздегі корей ұлтының өкілдері арасынан шыққан ғалымдардың Оңтүстік және Солтүстік Кореяның бірігу мәселесіне қатысты да жүргізген ғылыми жұмыстарын байқадық. Ең басты көңіл аударылатын тақырыптардың бірі еліміздегі корейлердің тыныс-тіршілігі. Мерзімді басылымдардың атауы мен теле бағдарламалардың атауында «коре» немесе «коре сарам» атауының жиі кездесуінің де мәні бар. «Коре-сарам» посткеңестік кеңістікте өмір сүретін этникалық корейлердің тарихи атауы болып табылады. Демек бұл атаудың өзі ақпараттардың нақты шығу тегі корейлік азаматтарға бағытталатынын білдіреді [5. – 146].

Қазіргі таңда арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдамай ақ елімізде корейлік мәдениеттің жоғары ықпалы байқалады. Тіпті корейлік мәдени өнімдер батыс әлемінен де қалысар емес. Бүгінде қазақстандықтардың басым көпшілігі «дорам» және «кей поп» сияқты сөздерді естіген. Тек Қазақстан жастары ғана емес, әлемдік құбылысқа айналған корейлік мәдениет кеңінен танымал. Корейлік «BTS» тобының Қазақстанда жанкүйерлері де көптеп саналады. Сөзсіз Оңтүстік Корея мәдениеті жалпы посткеңестік кеңістіктегі корейлердің этникалық бірегейлігінің қалыптасу үдерісіне оң ықпал ететіні түсінікті.

Қорытынды

Сонымен қарастырып отырған, Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігін қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы өте жоғары және корей ұлтының өкілдері бұл маңыздылықты толыққанды түсініп, осы бағытта белсенді жұмыстар атқаруда. Біз еліміздегі корей ұлтының қазақстандық патриотизм қалыптасуы мен қарқынды даму жоспарының орындалуына өзіндік үлес қосып отырған этнос деп тұжырымдаймыз. Толеранттылық пен өзге де ұлттардың тарихы мен мәдениетіне, тілі мен діліне үлкен құрметпен қарау – корей ұлтының бұқаралық ақпарат құралдарына тән белгі болып табылады. Қазақстанда өмір сүретін корей халқы өзінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалта қоймаған этностар қатарына жатады. Дегенмен әлі де болса корей тілі мен тарихы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын насихаттау жұмыстары белсенді атқарылып келеді. Осы бағыттағы жұмыстар негізінен бұқаралық ақпарат құралдары, арнайы корейтану орталықтары негізінде жүзеге асады. Әрине идеяның таралым аймағының ұлғаюы тұрғысынан келгенде бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы жоғары. Қазақстандағы корей халқының этникалық бірегейлігін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар негізінен мерзімді басылымдар көмегімен жүзеге асады. Газет-журналдар заман талаптарына толыққанды сай. Әр басылымның өзіндік интернет сайттары бар. Электронды нұсқа өзінің ықшам әрі қолайлығымен де ерекшеленеді. Телебағдарламалар саны салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Оңтүстік Кореямен арада жасасқан келісім шарттар негізінде Қазақстан ұлттық арнасы жанына корейлердің арнайы телебағдарламасы жұмыс жасайды. Қазақстандық корейлердің тілі мен дәстүрінің ұмыт қалмауына жеткілікті көңіл аударылып, бағдарламалар таза корей тілінде шығып тұрды. Сөзсіз этникалық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған әрекеттер өз жемісін де беруде. Оған дәлел мақала барысында келтірілген әлеуметтік сауалнамалардың қорытындысы болып табылады.

Сөзсіз Қазақстандағы корейлердің этникалық бірегейлігінің қалыптасуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы жоғары екендігі анықталды. Этностың өзіне тән тілі мен ділін сақтап қалу, этнос ретіндегі ерекшеліктерін насихаттау тікелей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асуда. Осы бағыттағы жұмыстар өзінің заманауилығымен де ерекшеленеді. Этникалық бірегейлікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптастыруда барлық дамыған технологиялық мүмкіндіктер толыққанды пайдаланылуда. Біздің пікірімізше, жүргізілген әлеуметтік сауалнама барысында респонденттер корей тілінің сақталуын маңызды емес деп табуы – бұқаралық ақпарат құралдарына жаңа жауапкершілік жүктеуі тиіс. Ол дегеніміз корейлердің ділі, дүниетанымы, этнос ретіндегі ерекшеліктері ғана емес, корей тілін меңгеруіне де көңіл аударылуы керектігін білдіреді. Сонымен қатар бүгінгі күні бұқаралық ақпарат

құралдарының дәстүрлі формасы көпшілік тарапынан сұранысқа ие емес. Сол себепті де алдағы уақытта этникалық бірегейлікті қалыптастыруда әлеуметтік желілердің мүмкіндіктеріне назар аударылуы тиіс деп нақты тұжырым жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Ким Г.Н. Хронология истории корейцев Казахстана. — 2017. — 118 с.
- 2 Ефремов Е. А. Этнокультурная идентичность корейцев Казахстана. Корееведение в России: направление и развитие. — 2022. — №1. — С. 32-37
- 3 Гурко В. СМИ как фактор формирования национальной и этнической идентичности белорусской молодежи в 2000-2010-х годах на Белорусско-польско-литовском пограничье. Псковский регионологический журнал. — 2017. — №3(31). — С. 41-53.
- 4 Блохин И.Н. Толерантность как принцип журналистской деятельности. Вестник Санкт-Петербургского университета. — 2008. — № 3. — С. 113-118
- 5 Пашутина И.В. СМИ в процессе формирования и сохранения идентичности национальных меньшинств России на примере газеты «Российские корейцы». Архитектоника региональной культуры. — 2021. — С. 143-149
- 6 История газеты «Коре ильбо» («Сэнбон», «Ленин кичи», «Коре ильбо»). [Электронный ресурс] — URL: <https://koreilbo.com/company/history/> (дата обращения 04.11.2023)
- 7 Ким Г.Н. Рассказы о родном языке. — Қазақ университеті. — 2003. — 300 с.
- 8 Хан В.С. Социальный статус и вклад корейцев в развитие Центральной Азии [Электронный ресурс] — URL: <https://koryo-saram.site/han-v-s-sotsialnyj-status-i-vklad-korejcev-v-razvitie-tsentralnoj-azii/> (дата обращения 07.12.2023)
- 9 Известия корееведения в Центральной Азии. — Выпуск 21. — 2014. — 304 с.

ПРОБЛЕМА ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КОРЕЙЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ И СРЕДСТВА МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Аннотация.

В ходе статьи анализируется влияние средств массовой информации на процесс формирования этнической идентичности корейцев в Казахстане. Основной теоретической позицией был выбран анализ понятия этнической идентичности и проблема этнической идентичности корейцев в Казахстане. В статье этническая идентичность была определена как важный фактор в сохранении любого этноса. Этническая идентичность - это основные показатели языка и традиций, а также обычаев и мировоззрения конкретной нации, сложившиеся на протяжении веков. Внешних факторов, влияющих на формирование этнической идентичности, очень много. Один из них - средства массовой информации. В ходе статьи было отмечено, что в зависимости от направления работы средств массовой информации существует понятие этнической журналистики. Следовательно, этническая журналистика адаптируется к работе на языке конкретной нации и направлена на пропаганду мировоззрения и особенностей языка, истории и традиций этой нации. Пропаганда национальных особенностей корейцев в Казахстане ведется по многим направлениям. Основным приоритет отдается периодическим изданиям. С первых лет суверенитета страны начали выходить телепрограммы на корейском языке. В настоящее время ведется активная работа по выпуску газет и журналов, в отличие от телепрограмм. Периодические издания также публикуются в электронном виде в соответствии с требованиями современности. Использование средств массовой информации в формировании этнической идентичности также дает свои результаты.

Ключевые слова: этнос, этническая идентичность, коре сарам, средства массовой информации, мировоззрение, язык, глобализация.

THE PROBLEM OF ETHNIC IDENTITY OF KOREANS IN KAZAKHSTAN AND THE MEDIA

Abstract

The article analyzes the influence of mass media on the process of forming the ethnic identity of Koreans in Kazakhstan. The main theoretical position was chosen to analyze the concept of ethnic identity and the problem of the ethnic identity of Koreans in Kazakhstan. In the article, ethnic identity was defined as an important factor in the preservation of any ethnic group. Ethnic identity is the main indicator of the language and traditions, as well as the customs and worldview of a particular nation that have developed over the centuries. There are a lot of external factors

influencing the formation of ethnic identity. One of them is the mass media. During the article, it was noted that, depending on the direction of the media, there is a concept of ethnic journalism. Consequently, ethnic journalism adapts to work in the language of a particular nation and is aimed at promoting the worldview and peculiarities of the language, history, and traditions of that nation. The promotion of the national characteristics of Koreans in Kazakhstan is conducted in many directions. The main priority is given to periodicals. From the first years of the country's sovereignty, TV programs in Korea began to be broadcast. Currently, there is active work on the production of newspapers and magazines, unlike TV programs. Periodicals are also published electronically under modern requirements. The use of mass media in the formation of ethnic identity also gives its results.

Key words: ethnos, ethnic identity, kore saram, mass media, worldview, language, globalization.

REFERENCES

- 1 Kim G.N. Hronologiya istorii korejcev Kazahstana [*Chronology of the history of Koreans in Kazakhstan*]. 2017. 118 p. [in Russian]
- 2 Efremov E. A. Etnokul'turnaya identichnost' korejcev Kazahstana [*Ethnic and cultural identity of Koreans in Kazakhstan*]. Koreevedenie v Rossii: napravlenie i razvitie. 2022. №1. P. 32-37 [in Russian]
- 3 Gurko V. SMI kak faktor formirovaniya nacional'noj i etnicheskoj identichnosti belorusskoj molodezhi v 2000-2010-h godah na Belrussko-pol'sko-litovskom pogranich'e [*Mass media as a factor in the formation of national and ethnic identity of Belarusian youth in the 2000s and 2010s on the Belarusian-Polish-Lithuanian border*]. Pskovskij regionologicheskij zhurnal. 2017. №3(31). P. 41-53. [in Russian]
- 4 Blohin I.N. Tolerantnost' kak princip zhurnalistkoj deyatel'nosti [*Tolerance as a principle of journalistic activity*]. Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. 2008. № 3. P. 113-118 [in Russian]
- 5 Pashutina I.V. SMI v processe formirovaniya i sohraneniya identichnosti nacional'nyh men'shinstv Rossii na primere gazety «Rossijskie korejcy» [*The media in the process of forming and preserving the identity of national minorities in Russia on the example of the newspaper "Russian Koreans"*]. Arhitektonika regional'noj kul'tury. 2021. P. 143-149 [in Russian]
- 6 Istoriya gazety «Kore il'bo» («Senbon», «Lenin kichi», «Kore il'bo»). Available at: — URL: <https://koreilbo.com/company/history/> [in Russian] (accessed: 04.11.2023)
- 7 Kim G.N. Rasskazy o rodnom yazyke. Қазақ universiteti: 2003. 300 p.
- 8 Han V.S. Social'nyj status i vklad korejcev v razvitie Central'noj Azii. Available at: — URL: <https://koryo-saram.site/han-v-s-sotsialnyj-status-i-vklad-korejcev-v-razvitie-tsentralnoj-azii/> [in Russian] (accessed: 07.12.2023)
- 9 Izvestiya koreevedeniya v Central'noj Azii. Vypusk 21. 2014. 304 p.

Information about authors:

Zhuldyz Toishubekova – **corresponding author**, master of historical sciences, doctoral student of the Department of “Archaeology and Ethnology”, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6540-6779>

Aibar Kassenali - PhD, Postdoctoral fellow at the School of Social sciences and humanities, Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: a.kassenali@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8392-9007>

Nazia Tasilova - candidate of historical sciences, associate professor of the Department of “History of Kazakhstan”, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: tasnaz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9777-1893>

Информация об авторах:

Жулдыз Тойшубекова - **основной автор**, магистр исторических наук, докторант кафедры «Археология и этнология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6540-6779>

Айбар Қасенәлі – PhD, постдокторант Высшей школы социально – гуманитарных наук, Международный университет Астана, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: a.kassenali@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8392-9007>

Назия Тасилова - кандидат исторических наук, асс. профессор кафедры «История Казахстана»,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: tasnaz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9777-1893>

Авторлар туралы ақпарат:

Жулдыз Тойшубекова - **негізгі автор**, тарих ғылымдарының магистрі, «Археология және этнология»
кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
Республикасы

E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6540-6779>

Айбар Қасенәлі – PhD, Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар жоғарғы мектебінің постдокторанты,
Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан республикасы

E-mail: a.kassenali@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8392-9007>

Назия Тасилова - тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
Республикасы

E-mail: tasnaz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9777-1893>